

2021 жылға Ақтөбе қаласы бойынша ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 10 ақпандағы № 525 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 ақпанда № 8050 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9, 27 баптарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген бұйрығына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға Ақтөбе қаласы бойынша ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Г.Сисеноваға жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласының әкімі

А. Шахаров

Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2021

2021 жылға Ақтөбе қаласы бойынша ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота

р/н №	Ұйымдардың атаулары	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"АССАНА-ДорСтрой" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	110	4 %	4
2	"Үй құрылыс комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	85	4 %	3
3	"Ақтөбе жоғары политехникалық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	45	4 %	2
4	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы	52	4 %	2
5	"Әскерилендірілген темір жол күзеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ақтөбе филиалы	125	4 %	5
6	"Sinooil" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ақтөбе филиалы	212	4 %	8

7	Ақтөбе қаласының білім бөлімі" ММ № 9 "Бәйшешек" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық мекемесі	38	4 %	2
8	"Соллерс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	62	4 %	2
9	"Восток Нефть и сервисное обслуживание" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	87	4 %	3
10	"Энергосистема" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	110	4 %	4
11	"ТК Фарм" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	39	4 %	2
12	"Казтелерадио" акционерлік қоғамының филиалы "Ақтөбе облыстық радиотелехабар тарату дирекциясы"	38	4 %	2
13	"Монтаж и Строительство" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	62	4 %	2
14	"Дана Дентал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	45	4 %	2
15	"АТЭК Ақтөбе" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	4 %	3
16	"Нұрбанк" акционерлік қоғамының Ақтөбе қаласындағы филиалы	62	4 %	2

17	"Беңкала" Тау-кен компаниясы" Акционерлік қоғамы	37	4 %	1
18	"Хоум Кредит энд Финанс Банк" акционерлік қоғамы Еншілес банкінің Ақтөбе қаласындағы филиалы	50	4 %	2
19	"ТрейдИнтерКом" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	112	4 %	4
20	"Анвар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	111	4 %	4
21	"Көктас -Ақтөбе" акционерлік қоғамы	75	4 %	3
22	"Ақтобе-Саулет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	125	4 %	5